ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

120002, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс
көшесі, құрылыс 1, тел/факс: 8 (7242) 60-54-55
E-mail: bilim@korda.gov.kz.

120002, город Кызылорда, улица Султан
Бейбарыс, строение 1, тел/факс: 8 (7242) 60-54-55
E-mail: bilim@korda.gov.kz

06.11.2025 № 07-03/4812
№

**Қызылорда қаласы және
аудандар бойынша
білім бөлімдеріне,
облыстық білім беру мекемелеріне**

Шұғыл!

Қызылорда облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының 20.10.2025ж. №15-53-407 хатқа, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының директорлары мен педагогтеріне **«Білім беру ұйымдарында радикализм мен зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу»** тақырыбында 72 сағаттық онлайн форматтағы біліктілік арттыру курсын өткізуді жоспарлауда.

Осыған орай, білім бөлімінің басшылары барлық білім беру мекемелерін (*қосымша 1*) бөлініс кестесімен жұмыс жасап, әр мектептен үш педагогке белгіленген ерекшеліктерге сәйкес қаржы отырғызылуын қадағалап, бөлімнен осы курсқа жауапты қызметкерді бөлуді және үлгі бойынша сапалы мәліметті **2025 жылғы 10 қарашаға дейін** azamatmoldabaiuly84@yandex.kz электронды почтасына жолдауды сұрайды.

Ескерту:Курстың өткізу уақыты қосымша ескертіледі.

Қосымша: 7 парақта.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы** **Е. Алписбаев**

орындаған: А.Молдабайұлы

AnyScanner

Жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қала, аудан, облыстық мекемелердің бөлінісінде тыңдаушылар контингенті

р/с	Аудан, қала білім бөлімдері, облыстық мекемелер	**Педагогтер**				
		Мектеп саны	1 мектептен қамтылатын адам саны	жалпы адам саны	1 адамға курс құны	**Жалпы қаржы**
1	Арал	48	3	144	35000	**5040**
2	Қазалы	38	3	114	35000	**3990**
3	Қармақшы	30	3	90	35000	**3150**
4	Жалағаш	20	3	60	35000	**2100**
5	Сырдария	17	3	51	35000	**1785**
6	Шиелі	37	3	111	35000	**3885**
7	Жаңақорған	45	3	135	35000	**4725**
8	Қызылорда	60	3	180	35000	**6300**
9	№2	1	3	3	35000	**105**
10	№4	1	3	3	35000	**105**
11	№9	1	3	3	35000	**105**
12	№10	1	3	3	35000	**105**
13	Физика-математика	1	3	3	35000	**105**
		300		**900**		**31500**

AnyScanner SCAN

Учреждение «Астанинское
аккредитационное агентство»
Казахстан, г.Астана,
Проспект Тәуелсіздік д. 49/3,
БИН 160740013741
KZ92601A861066129061
АО «Народный Банк Казахстана»
БИК HSBKKZKX
astana.acred@mail.ru

«Астана аккредиттеу агенттігі»
мекемесі
Қазақстан, Астана қ.,
Тәуелсіздік даңғылы, 49/3,
БСН 160740013741
KZ92601A861066129061
«Қзақстан Халық Банкі» АҚ
BIC HSBKKZKX
astana.acred@mail.ru

2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 07/25 шығыс хаты

Мектепке дейінгі ұйымдардың, жалпы білім беретін мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының басшыларына, педагогтері мен психологтеріне арналған **«Білім беру ұйымдарында радикализм мен зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу»** біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы аясында көрсетілетін қызметтің

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСЫ

Қызметтің атауы: Біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Білім беру ұйымдарында радикализм мен зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу» (бұдан әрі – Курс).

Курсты өткізу негіздері:

1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

2) Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;

3) «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығы.

4) «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы;

5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2023-2025 жылдары келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізімі.

Курс мақсаты: Педагог қызметкерлерге жастар арасындағы радикализм мен экстремизмнің алдын алу бойынша қауіптерді тиімді анықтауға, қауіпсіз тәрбие беру ортасын құруға және оқушылардың төзімділікке, құқықтық санаға, азаматтық жауапкершілікке және деструктивті идеологияларға қарсы тұру қабілетіне бағытталған құндылықтық бағдарларын дамытуға ықпал ететін білім, кәсіби құзыреттер мен тәжірибелік дағдылар жүйесін қалыптастыру.

AnyScanner

Курстың міндеттері:
- экстремизм мен радикалданудың теориялық және әдіснамалық негіздерімен таныстыру, балалар мен жастардың радикал діни топтарға тартылуына әсер ететін негізгі себептер мен факторлар туралы түсінік қалыптастыру;
- тыңдаушыларды деструктивті ағымдарға тарту белгілерін анықтау үшін оқушылар арасындағы радикалдандыру тәуекелін бағалау, әртүрлі көздерден алынған деректерді талдау және түсіндіру дағдыларына үйрету;
- тыңдаушыларды білім алушылармен және олардың ортасымен тиімді қарым-қатынас жасау, радикалданудың алдын алуға бағытталған профилактикалық әңгімелер мен бағдарламалар жүргізу дағдыларына үйрету;
- тыңдаушыларды профилактикалық бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу, сондай-ақ олардың тиімділігін мониторингтеу және бағалау дағдыларына үйрету;
- тыңдаушыларды діни ортадан шыққан білім алушылармен жұмыс істеудегі этикалық нормалармен және кәсіби стандарттармен таныстыру, құпиялылықты сақтау және ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- тыңдаушылардың білім алушыларға медиасауаттылық пен ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау дағдыларын үйрету қабілеттерін дамыту.

Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы:
- білім беру ұйымдарының басшылары;
- тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарлары;
- әлеуметтік педагогтер мен психологтер;
- кураторлар, сынып жетекшілері, оқытушылар, сондай-ақ қоғамтану, тарих, құқық, бастапқы әскери дайындық пәндерінің мұғалімдері және т.б.;

Өткізу форматы: Онлайн, қашықтан оқыту, интернет-платформалар.
Курстың ұзақтығы: 72 академиялық сағат.
Өткізу мерзімі: Тараптардың келісімі бойынша.
Тыңдаушылар саны: 15-тен 50 адамға дейін.
Оқыту құны: Бір тыңдаушыға – 35 000 (отыз бес мың) теңге, ҚҚС-сыз. (ҚҚС төлеуші болып табылмаймыз)
Оқыту тілі: қазақ / орыс.

Курсты орындау шарттары:
1) Курс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын әзірлеу, үйлестіру және бекіту қағидаларын бекіту туралы» № 175 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен 2023-2025 жылдарға арналған біліктілікті арттыру курстары бойынша білім беру бағдарламаларының тізбесіне енгізілуі тиіс;
2) Курсты келесі санаттағы тренерлердің қатысуымен өткізеді:
- осы салада практикалық тәжірибесі бар педагогтер мен психологтер;
- деструктивті діни ағымдардың өкілдерімен жұмыс тәжірибесі бар мамандар;
- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында жұмыс істеген және деструктивті күштерге қарсы әрекет ету тәжірибесі бар мамандар;
3) белгіленген оқу жоспарына, кестесіне және сабақ кестесіне сәйкес оқытады;

AnyScanner

4) бағдарламаға сәйкес аралық және қорытынды бағалау, соның ішінде қорытынды тестілеуді жүргізеді;
5) мыналарды береді:

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес, Курстың тақырыбы мен сағат көлемі көрсетілген біліктілікті арттыру туралы сертификат;

қорытынды бағалаудан өтпеген тыңдаушыларға курсты тыңдағаны туралы еркін нысанда анықтама, оларға курсты аяқтағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде білімдерін қайта бағалауға мүмкіндік береді;

Курсты аяқтау формасы: курс соңында тыңдаушыларға біліктілікті арттыру туралы сертификат беріледі. Сертификат педагогтің «Ustaz» платформасындағы жеке портфолиосына енгізіледі.

Төлем тәртібі мен шарттары: Қызметтер үшін төлем тапсырыс беруші тарапынан нақты көрсетілген қызметтер көлеміне сәйкес, тараптар қол қойған орындалған жұмыстар (қызметтер) актілері негізінде жүргізіледі.

КТРУ - 841311.000.000001 персоналды/қызметкерлерді оқыту бойынша қызметтер оқыту бойынша қызметтер (оқыту / тренингтер / даярлау / қайта даярлау/біліктілігін арттыру)

Еске саламыз, 2025 жылы тапсырыс берушілер жылдық жоспарда көрсетілген осындай біртектес жұмыстар мен қызметтердің жалпы сомасы 500 АЕК-тен аспайтын жағдайда, бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасау арқылы жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға құқылы, бұл «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Директор **А. Бигожина**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША
БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»
МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қорғаншы
Жолбек батыр көшесі, 30 үй, кеңсе 15
тел./факс: 8-7172-574149

010000, город Астана, район Есиль, улица Корганш
Жолбек батыр, дом 30, оф. 15
тел./факс: 8-7172-574149

№

20.10.2025 №15-53-407

Қызылорда облысының
білім басқармасының басшысы
А. Есжановқа

Құрметті Асқарбек Темірбекұлы!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – Орталық) мен «Астана аккредиттеу агенттігі» мекеме (бұдан әрі – Агенттік) арасындағы келісім аясында **2025 жылғы 10-21 қараша** аралығында Орталық пен Агенттік берлесіп кәмелетке толмағандар арасындағы экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі **2024-2026 жылдарға арналған Жол картасының 6,13 тармақтарын** іске асыру мақсатында мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерге **«Білім беру ұйымдарында радикализм мен зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу» («Профилактика радикализма и насильственного экстремизма в организациях образования»)** тақырыбында **72 сағаттық** біліктілігін арттыру курсын өткізуді жоспарлап отыр.

Курстар ақылы негізде онлайн форматта жүргізіледі.

Курс бағдарламалары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес ҚР Оқу-ағарту министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізіміне енгізілген.

Тыңдаушылардың курсқа қатысуы заңды тұлғамен шарт жасасу арқылы іске асырылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағы 28)-тармақшасына сәйкес егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің **бес жүз** еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу **бір көзден алу тәсілімен** мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады. Яғни, заңды тұлғалар біліктілікті арттыру қызметін **бір көзден алу тәсілімен** мемлекеттік сатып алу арқылы тапсырыс бере алады.

Осыған орай, білім беру ұйымдарының басшыларына осы ақпаратты жеткізуді және қосымшада көрсетілген қала мен аудан бөлінісінде тыңдаушылар контингентіне сәйкес тыңдаушылардың курсқа қатысуын заңды тұлғамен (Қызылорда облысының мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары) шарт жасасу арқылы іске асыруға ықпал етуіңізді сұраймыз.

Курстарға тіркелу үшін РҚББОӘО-да курс өткізуге жауапты әдіскермен байланысуға (Балгуль Базархановна, тел.8 702 358 8696) және rumcdo12@mail.ru электрондық поштасына өтініш жіберуге болады.

Курсқа қатысушылардың тізімдері және мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыруын жетекшілік ететін басқарма басшысының

AnyScanner

орынбасарынан төмен емес курсқа жауапты тұлға туралы мәліметтерді (аты-жөні, байланыс телефоны) а.ж. **24 қазанға дейін** ұсыну сұралады.

Қала мен аудан бөлінісінде тыңдаушылар контингенті қоса жалғанады.

Директор **Г.**
Абишева

Орындаушы: К.Исентаева

тел.8 777 224 1967

	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, АБИШЕВА ГУЛЬНАРА, Республиканское Государственное казенное предприятие "Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования" Министерства просвещения Республики Казахстан, BIN990140004733

қосымша 2

AnyScanner

Үлгі

Жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының директорлары мен педагогтеріне арналған **«Білім беру ұйымдарында радикализм мен зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу»** тақырыбындағы онлайн форматтағы біліктілік арттыру курсына қатысушылардың тізімі

Р/с	**Аты-жөні** *(толық жазу)*	**ЖСН**	**Мекеменің атауы** (толық жазу)	**Лауазымы**	**Мобильді телефон (ватсап номері)**
1					

AnyScanner